ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 16 наурыз №3 Астана қаласы

«Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1. Жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың төртінші абзацындағы екінші сөйлем алып тасталсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шешім Қазақстан Республикасының атынан заңға және нақты іс бойынша сот анықтаған фактілерге қатаң сәйкестікте шығарылады.

Тараптардың, талап қоюшының не жауапкердің жағынан қатысатын үшінші тұлғалардың не іске қатысатын басқа адамдардың түсініктері, куәлардың, сарапшының айғақтары, маманның түсіндірмелері шешімде үшінші жақтан келтіріліп, қысқаша, даудың мәні бойынша жазылады.

Көлемі ауқымды түсініктер, айғақтар мен түсіндірмелер болған кезде уақыт кезеңін нақты көрсете отырып, дыбыс-, бейнежазбасына сілтеме жасауға жол беріледі.

Шешімнің мәтінінде: оқиғалар мен мән-жайлардың жете жазылуына; дауға қатысы жоқ құқық нормаларының келтірілуіне; ресми құжаттарда қолдануға болмайтын қабылданбаған қысқартулар мен сөздерді пайдалануға; сотта айтылмаған түзетулерді енгізуге жол берілмейді.

Судья шешімді кеңесу бөлмесінде жазбаша нысанда дайындайды және ол қолмен жазу, машинкада жазу немесе компьютерлік тәсілмен бір данада жасалуы мүмкін.

Шешім қолмен немесе машинкада жазу тәсілімен дайындалған жағдайда, оның көшірмесі мынадай талаптарға сәйкес компьютерлік тәсілмен орындалуы тиіс.

Компьютерлік тәсілмен дайындалған шешім мынадай параметрлер («doc» немесе «docx» кеңейтілімі бар мәтіндік редакторын қолдану арқылы) ескеріле отырып ресімделеді:

шет сызықтары: жоғарғы, төменгі шеттер – 2,5 см, оң жақ шеті - 1,5 см, сол жақ шеті – 2,5 см; көшірмені парақтың екінші бетіне басқан кезде шет сызықтары: жоғарғы, төменгі шеттер – 2,5 см, оң жақ шеті - 2,5 см, сол жақ шеті – 1,5 см;

қаріп – № 14 көлеміндегі «Arial Narrow»;

жоларалық интервал – біржолдық;

атаудың, күні, істің нөмірі, шешім шығарылған орны жолының арасындағы және шешім бөліктерінің арасындағы интервал – 12 пункт (бұдан әрі – пт);

абзацтық азат жол – 1,25 см;

екі және одан көп беттерде екінші және одан кейінгі беттер араб цифрларымен парақтың жоғарғы жағының ортасында тыныс белгілерсіз нөмірленеді;

әр бетте QR код көрсетіледі.

Шешімнің мәтіні бірыңғай қаріппен, бүлінулерсіз және түзетулерсіз басылады.

Шешімнің мәтінінде жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін бөліп көрсетуге және олардың астын сызуға жол берілмейді. Бұл қағида «ШЕШІМ», «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН», «ШЕШТІ» деген сөздерге, судьяның лауазымына, аты-жөні мен тегіне, шешім бөліктерінің атауларына, сонымен қатар жазылуы құқықтық актілермен, оның ішінде халықаралық актілермен реттелетін жекелеген сөздерге, әріптерге, жалпы қабылданған аббревиатураларға қолданылмайды.

«ШЕШІМ», «ШЕШТІ», «КІРІСПЕ БӨЛІГІ», «СИПАТТАУ БӨЛІГІ», «УӘЖДЕУ БӨЛІГІ», «ҚАРАР БӨЛІГІ» деген сөздер бас әріптермен буынға бөлініп тасымалданбай жазылады.

Сот актісінің « **Ш Е Ш І М** » деген атауы мемлекеттік елтаңбаның астында № 20 көлеміндегі жартылай қою сызбамен басылып, 7 пт. белгі аралық интервалмен орналастырылады.

Келесі жолда парақтың ортасында «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН» деген сөздер № 20 көлеміндегі жартылай қою қаріпімен, қалыпты белгі аралық интервалмен басылады.

Келесі жолда шешімнің шығарылған күні – абзацтық азат жолсыз сол жаққа түзетіліп, істің нөмірі – парақтың ортасында, шешімнің шығарылған орны – оң жақта көрсетіледі.

Шешімге судья қол қояды, содан кейін ол істің талқылануы аяқталған нақ сол сот отырысында жарияланады.

Іс бойынша шешім жарияланған күн шешімнің шығару күні болып табылады.

Шешімнің шығарылу орны сол шешім шығарылған қаланың немесе өзге де елді мекеннің атауына байланысты болады.

Заңмен белгіленген жазбаша нысанда дайындалмаған және судья қол қоймаған ауызша қорытындылардың жария етілуі сот шешімі болып табылмайды.»;

3) 7-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

«Жарияланғаннан кейін судья қабылданған шешімнің мәнін, уәждері мен құқықтық салдарларын ауызша түсіндіреді, ол туралы сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

Шешімді дайындаған кезде осы қаулыға қосымшаны басшылыққа алу қажет.»;

4) 9, 10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Шешімнің кіріспе бөлігін дайындаған кезде АПК-нің 226-бабының үшінші бөлігін басшылыққа алу қажет.

Әрбір абзацтың тиісті тақырыбы (олардың арасындағы интервал 12 пт) болады: «ТАЛАП ҚОЮШЫ (ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР)», «ЖАУАПКЕР (ЖАУАПКЕРЛЕР)», «ІСКЕ ҚАТЫСАТЫН АДАМДАР», «ДАУ ТАЛАПТАРЫ».

Азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) туралы жеке деректерді оның жеке басын куәландыратын ресми құжаттағы жазбаға сәйкес көрсету қажет.

Іс бойынша іс жүргізу орыс тілінде жүзеге асырылса, ал адамның тегі, аты, әкесінің аты жеке басын куәландыратын құжаттарда мемлекеттік тілде көрсетілсе, шешімде адамның жеке деректері септік жалғауларынсыз, жеке басын куәландыратын ресми құжаттағы жазбаға дәл сәйкестікте көрсетілуі тиіс.

Сот шешіміндегі шетелдік адамның тегі, аты және әкесінің аты іс жүргізу тілінде де, жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген транскрипцияда да жазылады.

Тізбесі «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 73-V Заңының 6-бабының 1-тармағында көзделген құжаттардың негізінде азаматтың жеке басы куәландырылады.

Егер тарап заңды тұлға болып табылса, онда оның атауын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттарға сәйкес көрсеткен жөн.

Талап қоюшы, даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлға немесе қарсы талап арыз бойынша жауапкер бірнеше талапты мәлімдеген кезде олардың әрқайсысы нөмірленуі тиіс.

Кейін шешімде, қарар бөлігін қоспағанда, мәлімделген талаптардың толық мәтінін келтірмеуге, талаптың нөмірін - № 1 талап, № 2 талап деп және т.б. көрсетуге жол беріледі.

10. Шешімнің сипаттау бөлігінде, АПК-нің 226-бабы төртінші бөлігінің талаптарын қоспағанда, дау туындағанға дейінгі және іске тікелей қатысы бар даусыз фактілер қысқа нысанда жазылады. Бұл ретте қойылған талапты және талап қою арызына пікірді толық көрсетуге және көшіруге жол берілмейді.

Мәлімделген талаптардың мазмұны, оның ішінде, егер талап қоюшы қойған талабының негіздері мен нысанасын өзгертіп, оның мөлшерін азайтса, шешімнің сипаттау бөлігінде көрсетілуі тиіс.

Егер сот АПК-нің 154-бабында көзделген негіздер бойынша қарсы қойылған талапты қарауға қабылдаса, онда шешімнің сипаттау бөлігінде қарсы талаптардың да мазмұны көрсетіледі.

Бұдан басқа, шешімнің сипаттау бөлігінде жауапкердің қарсылықтары және іске қатысқан басқа адамдардың түсініктері келтірілуі тиіс.

Шешімнің сипаттау бөлігінде шешім шығару кезінде кеңесу бөлмесінде сот шешуге тиіс мәлімделген өтінішхаттар да (талап қоюдың ескеру мерзімін қолдану, тұрақсыздық айыбын азайту, шешімді дереу орындауға жіберу туралы және басқалар) жазылады.

11. Шешімнің уәждеу бөлігі сот шешімді қабылдау кезінде негізге алған құқық нормаларын келтіруден басталады. Сот олардың мазмұндарын негізге ала отырып, іс үшін маңызды болып табылатын мән-жайлардың ауқымын анықтайды.

АПК-нің 225-бабына сәйкес ұсынылған дәлелдемелердің бағалануы сотқа іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлардың анықталғаны және қандай мән-жайлардың анықталмағаны жөнінде түйіндеуге мүмкіндік береді.

Сот шешімі пайдасына шыққан тараптың дәлелдері мен дәлелдемелерінің шешімде біржақты жазылуына жол берілмейді. Сот қандай негіздермен екінші тараптың дәлелдерін қабылдамағанын және осы тарап сілтеме жасаған материалдық құқық нормаларын қолданбағанын көрсетуге міндетті.

Шешім істің мән-жайлары туралы болжамдарға негізделуі мүмкін емес. Сот шешімде сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқылы емес.

Егер дәлелдемелерді жинау соттың тапсырмасын орындау тәртібімен жүргізілсе, онда сот осы дәлелдемелер сот отырысында жария етіліп және зерттелген жағдайда, оларды шешімнің негізіне алуға құқылы. Егер іске қатысатын адамдар немесе АПК-нің 74-бабының тәртібімен тапсырманы орындаған сотқа түсініктер немесе айғақтар берген куәлар істі қарайтын сотқа келсе, олар түсініктері мен айғақтарын жалпы тәртіппен береді.

АПК-нің 69, 70, 71-баптарында көзделген тәртіппен дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша процестік әрекеттер жүргізілуі мүмкін. Бұл орайда жиналған дәлелдемелер (хаттамалар және басқа материалдар) сот отырысында зерделенген жағдайда, сот осы дәлелдемелерді шешімнің негізіне алуға құқылы.»;

5) 16-тармақтың бірінші абзацындағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Соттың мәлімделген талаптардың шегінен заңда тікелей көзделген жағдайларда ғана шығуға құқығы бар.»;

6) 17-тармақтың бірінші абзацындағы «туындайтын» деген сөзден кейін «қойылған талапты қанағаттандыру туралы немесе талаптан толық немесе бөлігінде бас тарту туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 24-тармақта:

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 498-бабымен» деген сөздер «Салық кодексінің 612-бабында» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 28-тармақта:

үшінші абзацта:

«жеке наразылық келтіру» деген сөздер «прокурордың өтінішхат келтіруі» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Шешімді дереу орындауға жіберуден бас тарту туралы сот ұйғарымына сот шешімінен бөлек шағым (өтінішхат) берілуі (келтірілуі) мүмкін емес.»;

9) 32-тармақтың екінші абзацындағы «наразылық келтірілсе» деген сөздер «апелляциялық өтінішхат келтірілсе» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 2), 3), 4) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы
Ж.АСАНОВ
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, жалпы отырыс хатшысы Г.ӘЛМАҒАМБЕТОВА

Қосымша

ARIAL NARROW, ҚАРІП 20, БЕЛГІ АРАЛЫҚ 7

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

Мәтіннің басты бөлімдері мен кіші бөлімдері бір бірінен көлемі 10 Arial Narrow қаріпі арқылы бөлінеді

КІРІСПЕ БӨЛІГІ:

→{ ____ жылғы___ ______ №______ іс ______ қаласы

________ ________аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья_____________ ______________________________
сот отырысының хатшысы __ _______ ___________________________
қатысуымен
ашық (жабық) сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

→{
ТАЛАП ҚОЮШЫ (ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР):
АӘТ (ЖШС, АҚ, ММ) Заңды тұлғалардың атауы оларды мемлекеттік тіркеу құжаттары бойынша көрсетілсін).

ЖАУАПКЕР (ЖАУАПКЕРЛЕР):
АӘТ (ЖШС, АҚ, ММ)

→{
ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ: (даудың мәні немесе қойылған талапқа (арызға, шағымға) енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, мәлімделген талап. Бірнеше талап мәлімделген кезде әрбір талап жеке нөмірленеді. Осындай шарттар қарсы талапқа да қойылады:
1. ____
2. ____

→{
СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы ______ және оның өкілі_________________________;
жауапкер________ және оның өкілі__________________________;
үшінші тұлға____.

→{
СИПАТТАУ БӨЛІГІ:
2.1 дау туындағанға дейінгі және оған тікелей қатысы бар даусыз фактілер;
2.2 қойылған талаптың (өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып) және қойылған талапқа пікірдің қысқаша мазмұны. Оларды толық жазуға және көшіруге жол берілмейді;
2.3 тараптардың және іске қатысқан басқа да адамдардың түсініктері, куәлардың, сарапшылардың айғақтары, мамандардың түсіндірмелері (қысқа, даудың мәні бойынша, үшінші жақтан). Көлемі ауқымды түсініктер, айғақтар мен түсіндірмелер болған кезде уақыт кезеңін нақты көрсете отырып, дыбыс-, бейнежазбасына сілтеме жасауға жол беріледі;
2.4 шешім шығару кезінде сот кеңесу бөлмесінде шешуге тиіс мәлімделген өтінішхаттар (талап қоюдың ескеру мерзімін қолдану, тұрақсыздық айыбын азайту, шешімді дереу орындауға жіберу туралы).

→**III. УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**
→{
3.1 сот шешім қабылдау үшін негізге алған құқық нормалары;
3.2 даудың нысанасы бойынша сот анықтаған мән-жайлар;
3.3 соттың түйіндері негізделген дәлелдемелер. Сот шешімі пайдасына шыққан тараптың дәлелдері мен дәлелдемелерінің шешімде біржақты жазылуына жол берілмейді. Сот қандай негіздермен екінші тараптың дәлелдерін қабылдамағанын және осы тарап сілтеме жасаған материалдық құқық нормаларын қолданбағанын көрсетуге міндетті;
3.4 әрбір талап бойынша нақты құқық нормасына сілтеме жасай отырып, жеке құқықтық талдау және заңдық бағалау. Түйіндер барынша қысқа нақты және әртүрлі түсіндірілуге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс;
3.5 сот шығыстарын бөлу туралы уәжді түйін.

Мыналарға:
1) оқиғалар мен мән-жайлардың жете жазылуына, дауға қатысы жоқ құқық нормаларының келтірілуіне;
2) мәтінді қабылдауды қиындататын ауқымды сөйлемдерге;
3) қабылданбаған қысқартулар мен сөздерді қолдануға, сотта айтылмаған түзетулерді енгізуге;
4) сот отырысында зерделенбеген дәлелдемелерге сілтеме жасауға;
5) істің мән-жайлары туралы болжамдарды жазуға **жол берілмейді.**

Белгіліш: Arial Narrow қаріпі, көлемі 10

→**IV. ҚАРАР БӨЛІГІ:**
→{
Сот АПК-нің ______________ -баптарын басшылыққа ала отырып **ШЕШТІ:**
4.1 қойылған талапты қанағаттандыру туралы немесе талаптан толық немесе бөлігінде бас тарту туралы соттың түйіні;
4.2 сот шығыстарын бөлуге нұсқау;
4.3 шешімге шағым жасау мерзімі мен тәртібі;
4.4 өзге де түйіндер (шешімді дереу орындау туралы нұсқау, шешімді қамтамасыз ету және орындау жөнінде шаралар, талап қоюды қамтамасыз етуді алып тастау немесе сақтау туралы).

Қарар бөлігі:
1) орындау кезінде дау туғызбау үшін нақты, анық және түсінікті болуға;
2) талап қоюшының барлық талаптары бойынша соттың түйінін қамтуы және ол уәждеу бөлігінде анықталған нақты мән-жайлардан туындауы тиіс.

Судья ______________________________________ **АӘТ**
(қолы)

Ескертпе: қаріп– Arial Narrow, қаріп көлемі – 14 пт.,
Жоларалық интервал – біржолдық
Абзацты бастау үшін азат жолы (жаңа жол) – 1,25 см.
Мәтіннің басты бөлімдері мен кіші бөлімдері бір бірінен көлемі 10 Arial Narrow қаріпі арқылы бөлінеді
Бет параметрлері: сол жағы – 2,5 см., оң жағы – 1,5 см., жоғарғы жағы – 2,5 см, төменгі жағы – 2,5 см
Парақтың екінші бетіндегі шет сызықтары: жоғарғы, төменгі жақтары – 2,5, оң жағы - 2,5, сол жағы – 1,5.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 16 наурыз №127 Астана, Үкімет Үйі

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға және кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларын бекіту туралы

«2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабын және «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 823 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға және кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен ағымдағы нысаналы трансферттердің бекітілген сомаларын облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аударуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомаларын уақтылы және мақсатты пайдалануды;

2) есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомаларының пайдаланылуы туралы есептерді Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2018 жылғы 16 наурыздағы №127 қаулысымен бекітілген

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға және кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға және кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына және «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 823 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар 213 «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі» республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің 058 «Республикалық деңгейде халықты әлеуметтік қорғау және көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру және инфрақұрылымды дамыту» республикалық бюджеттік бағдарламасы (бұдан әрі – 058 бюджеттік бағдарлама) бойынша көзделген Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға және кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану тәртібін айқындайды.

3. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға және кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 058 бюджеттік бағдарламаның мынадай бюджеттік кіші бағдарламалары бойынша пайдаланылады:

1) 105 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» (бұдан әрі – 105 кіші бағдарлама);

2) 107 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» (бұдан әрі – 107 кіші бағдарлама).

5. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық уәкілетті орган (бұдан әрі – республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді аударуды 058 бюджеттік бағдарламаның 105 және 107 кіші бағдарламалары бойынша қаржыландырудың жеке жоспары негізінде «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен белгіленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) тәртіппен төлемдер бойынша жүргізеді.

2-тарау. Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі

6. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер:

1) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға;

2) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға;

3) «Инватакси» қызметтерін дамытуға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

4) жаңалықтар телебағдарламаларын трансляциялауды сурдоаудармамен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге;

5) мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен (жөргектермен, несеп қабылдағыштармен және нәжіс қабылдағыштармен) қамтамасыз ету нормаларын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10370 болып тіркелген) бекітілген Мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен және техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз ету қағидаларының 93-тармағында көзделген мөлшерге дейін ұлғайтуға;

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10370 болып тіркелген) бекітілген Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектер үшін жеке көмекшінің және естуі бойынша мүгедектер үшін жылына алпыс сағат ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидаларына сәйкес ымдау тілі маманының қызметтерін көрсетуге;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысымен бекітілген мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың тізбесін кеңейтуге (бұдан әрі – тізбені кеңейту) пайдаланылады.

7. Республикалық бюджеттен қаражат бөлу жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыруды ескере отырып жүзеге асырылады:

1) осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2), 4) тармақшалары бойынша – іс-шараларды іске асыруға қажетті көлемнің 40 %-ы – республикалық бюджеттен, 60 %-ы жергілікті бюджеттен;

2) осы Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасы бойынша – іс-шараларды іске асыруға қажетті көлемнің 10 %-ы – республикалық бюджеттен, 90 %-ы жергілікті бюджеттен.

8. Міндетті гигиеналық құралдарға, мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарға, естуі бойынша мүгедектер үшін ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтеріне қажеттіліктің және (немесе) олардың құнының артуы салдарынан ағымдағы нысаналы трансферттер сомалары жеткіліксіз болған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жөргектермен, несеп қабылдағыштармен және нәжіс қабылдағыштармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға, ымдау тілі маманының қызметтерін көрсетуге, тізбені кеңейтуге шығыстарды тиісті жергілікті бюджет қаражатының есебінен қарастырады.

9. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері келіп түсетін ағымдағы нысаналы трансферттерді мына бюджеттік бағдарламалар бойынша:

1) мынадай:

«Инватакси» қызметтерін дамытуға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға, мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға, ымдау тілі маманының қызметтерін көрсетуге, тізбені кеңейтуге аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне кейіннен трансферттерді аудару үшін – 045 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»;

«Инватакси» қызметтерін дамытуға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға, тізбені кеңейтуге облыстық деңгейде шығыстарды қаржыландыру үшін 046 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 256 «Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

2) жаңалықтар телебағдарламаларын трансляциялауды сурдоаудармамен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге 077 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 263 «Облыстың ішкі саясат басқармасы» және 362 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша;

3) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне кейіннен трансферттерді аудару үшін 045 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 268 «Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

4) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне кейіннен трансферттерді аудару үшін 076 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 281 «Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

5) «Инватакси» қызметтерін дамытуға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға, мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға, ымдау тілі маманының қызметтерін көрсетуге, тізбені кеңейтуге 045 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 355 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» және 395 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша;

6) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға 013 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 384 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жолаушылар көлігі басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

7) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға 046 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 385 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың автомобиль жолдары басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

8) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға 013 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 348 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша қарастырады.

10. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органдары келіп түсетін ағымдағы нысаналы трансферттерді:

1) «Инватакси» қызметтерін дамытуға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға, мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға, ымдау тілі маманының қызметтерін көрсетуге, тізбені кеңейтуге 050 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 451 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» және 801 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша;

2) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға 050 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 458 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

3) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға 059 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 483 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

4) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға 050 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 485 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

5) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға 050 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 490 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

6) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға 050 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 492 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

7) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауға 050 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша 495 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша қарастырады.

11. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы жергілікті уәкілетті органдардың мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуы және жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтауы;

2) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жергілікті уәкілетті органдардың «Инватакси» қызметтерін дамытуға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруы, қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуды ескере отырып, міндетті гигиеналық құралдар (жөргектер, несеп қабылдағыштар, нәжіс қабылдағыштар) сатып алуы, оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес естуі бойынша мүгедектер үшін ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсыну көлемін жылына отыз сағаттан алпыс сағатқа дейін ұлғайтуы, тізбені кеңейтуі;

3) жергілікті уәкілетті органдардың өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі жаңалықтар телебағдарламаларының трансляциялануын сурдоаудармамен сүйемелдеуді қамтамасыз етуі жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асырады.

12. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 1-күнінен кешіктірмей бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген нәтижелер туралы есептерді республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ұсынады.

3-тарау. Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі

13. Кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер:

1) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын сатып алуға;

2) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге пайдаланылады.

14. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 053 «Кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау» жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша келіп түсетін ағымдағы нысаналы трансферттерді 256 «Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы», 355 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» және 395 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы» бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері бойынша көздейді.

15. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жыл қорытындысы бойынша есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 1-күнінен кешіктірмей бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген нәтижелер туралы есептерді республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ұсынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 16 наурыз №131 Астана, Үкімет Үйі

Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы аудандарының шекараларын белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы аудандарының шекаралары осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Астана қаласының әкімдігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2018 жылғы 16 наурыздағы №131 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы аудандарының шекаралары

1. «Алматы» ауданының шекарасы 15471 га құрайды және мынадай болып белгіленген:

1-5 нөсерлі кәрізді тазарту құрылысы ауданындағы Есіл және Ақбұлақ өзендерінің қиылысынан Ақбұлақ өзені бойымен солтүстік-шығысқа қарай Сауда және А184 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысына дейін, одан әрі Сауда көшесі бойымен солтүстікке қарай Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылы бойымен Ақбұлақ өзеніне дейін, солтүстік-шығысқа қарай Ақбұлақ өзені бойымен қаланың қолданыстағы шекарасына дейін, қаланың шығыс шекарасымен Есіл өзеніне дейін, Есіл өзені бойымен Ақбұлақ өзенімен қосылатын тұсқа дейін.

2. «Байқоңыр» ауданының шекарасы 18129 га құрайды және мынадай болып белгіленген:

Астана – Қостанай бағытындағы теміржолдан қаланың қолданыстағы шекарасымен солтүстікке қарай Ақбұлақ өзеніне дейін, Ақбұлақ өзені бойымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағымен Сауда көшесіне дейін, Сауда көшесі бойымен А184 (жобалық атауы) көшесіне дейін, одан әрі Ақбұлақ өзені бойымен Есіл және Ақбұлақ өзендерінің түйіскен жеріне дейін, Есіл өзені бойымен Қараөткел көпіріне дейін, А. Бараев көшесі бойымен Республика даңғылына дейін, Республика даңғылының жұп сандар жағымен Бөгенбай батыр даңғылына дейін, Бөгенбай батыр даңғылы және Алаш тас жолы бойымен теміржолға дейін, теміржол бойымен қаланың батыс шекарасына дейін.

Аудан шекарасына қалалық зират аумағы (460 гектар) кіреді.

3. «Есіл» ауданының шекарасы 39358 га құрайды және мынадай болып белгіленген:

қаланың батыс бөлігіндегі Есіл өзені бойымен шығысқа қарай Есіл және Ақбұлақ өзендерінің түйіскен жеріне дейін, одан әрі өзеннің орта сызығы бойымен оңтүстікке қарай қаланың қолданыстағы шығыс шекарасына дейін, одан әрі қаланың оңтүстік шекарасымен Есіл өзеніне дейін.

Аудан шакарасына Ұлттық пантеон аумағы (959 гектар) кіреді.

4. «Сарыарқа» ауданының шекарасы 6775 га құрайды және мынадай болып белгіленген:

қаланың батыс шекарасынан теміржол бойымен Алаш тас жолына дейін, Бөгенбай батыр даңғылының тақ сандар жағымен Республика даңғылына дейін, одан әрі оңтүстікке қарай Республика даңғылының тақ сандар жағымен А. Бараев көшесіне дейін, А. Бараев көшесі бойымен Есіл өзеніне дейін, Есіл өзенінің оң жақ ағысы бойымен қаланың батыс шекарасына дейін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 26 наурыз №136 Астана, Үкімет Үйі

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларын бекіту туралы

«2008 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 16) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Облыстардың Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің уақтылы және мақсатты пайдаланылуын;

2) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың бесі күніне дейін бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің пайдаланылуы туралы есеп беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бекітілген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын аударуды;

2) облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің республикалық бюджеттен берілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану мониторингін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2018 жылғы 26 наурыздағы №136 қаулысымен бекітілген

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 16) тармақшасына сәйкес әзірленді және облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2018 жылға арналған республикалық бюджеттен тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансфертерді (бұдан әрі – нысаналы трансферттер) пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Нысаналы трансферттер облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен 099 «Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы, 117 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» кіші бағдарламасы бойынша бөлінеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісі – білім беру саласындағы уәкілетті орган;

2) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы органдар;

3) тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы – физика, химия, биология, информатика пәндері бойынша ағылшын тілінде негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне төленетін қосымша ақы;

4. Нысаналы трансферттер тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеу үшін пайдаланылады.

2-тарау. Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі

5. Нысаналы трансферттер тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшердегі жұмыс берушінің жарналарын (әлеуметтік салық, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар) ескере отырып, қосымша ақы төлеуге пайдаланылады. Қосымша ақыны есептеу 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап жүргізіледі.

6. Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің нысаналы трансферттерді төмен тұрған бюджеттерге аударуы бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қаржы жылының қорытындылары бойынша пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) республикалық бюджеттен бөлінген тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер сомалары келесі қаржы жылының 1 наурызына дейін жоғары тұрған бюджетке қайтаруға жатады.

8. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары:

1) жеке қаржыландыру жоспарларына және осы Қағидаларға сәйкес республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын нысаналы мақсаты бойынша пайдаланады;

2) білім беру саласындағы орталық уәкілетті органға облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді пайдалануы туралы тоқсан сайын есеп береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 27 наурыз №139 Астана, Үкімет Үйі

«Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы №906 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы №906 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., №52-53, 528-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 29 қаңтар №56 Астана қаласы

«Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1133 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1113 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12572 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 13 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімнің нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша талаптар осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасын орындаудың ағымдағы жай-күйінің актісінің нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
Ж.ҚАСЫМБЕК

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
_____________ Н. Айдапкелов
2018 жылғы 1 ақпан

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2018 жылғы 29 қаңтардағы №56 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 30 қарашадағы №1133 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінім

1-тарау. Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы туралы мәліметтер		
1.	Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының атауы	
2.	Орналасқан жері: заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері	
3.	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)	
4.	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының басшысы	______________________ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) ______________________ (телефон, факс, электрондық поштасы)

(Соңы 13-бетте)

(Соңы. Басы 12-бетте)

5.	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының бас бухгалтері	____________ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) ____________ (телефон, факс, электрондық поштасы)
6.	Инвестициялық жобаның менеджері	____________ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) ____________ (телефон, факс, электрондық поштасы)
2-тарау. Инвестициялық жоба туралы мәліметтер		
7.	Инвестициялық жобаның атауы	____________
8	Инвестициялық жобаны іске асыру орны (облыс, аудан, қала)	
9.	Инвестициялау үшін таңдалған қызметтің басым түрі(лері) (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуші сыныптарының деңгейінде)	____________
10.	Қосылған құн салығын есепке алмай заңды тұлғаның тіркелген активтерге инвестициялардың көлемі (тіркелген актив пайдалануға берілгенге дейін инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімді ұсынғанға дейін 24 айдан ерте емес мерзімдегі шығындар есепке алынады)	____________ (теңге)
11.	Жобаны қаржыландыру көздері, мыналардың болуы: 1) меншік қаражаты 2) қарыз қаражаты 3) бюджеттік қаражат	1) ____________ (меншік қаражатының болуын растайтын құжаттың атауы, №, күні) 2) ____________ (жобаны қаржыландыру көздерін белгілейтін құжаттың атауы, №, күні, кредитор) 3) ____________ (бюджеттік қаражаттарын қаржыландыруды растайтын құжаттың атауы, №, күні)
3-тарау. Жобаны іске асыру үшін талап етілетін инвестициялық преференциялар*		
12.	1) технологиялық жабдықтың, оның жинақтауыштарының; 2) технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектердің, шикізат пен материалдардың импорты кезінде кеден баждарын төлеуден босату	1) ____________ (жеңілдетілген сома) 2) ____________ (жеңілдетілген сома)
12-1	Шикізат пен (немесе) материалдардың импорты кезінде қосылған құн салығын төлеуден босату	____________ (жеңілдетілген сома)
13.	Кедендік тазартуды жүргізу орны	
14.	Мемлекеттік заттай грант	____________ (нарықтық құны) ____________ (алдын ала келісуді растайтын құжаттар)
15.	Жер салығы бойынша жеңілдіктер**	____________ (шарттық сомасы)
16.	Мүлік салығы бойынша жеңілдіктер**	____________ (шарттық сомасы)
17.	Корпоративтік табыс салығы бойынша жеңілдіктер***	____________ (шарттық сомасы)
18.	Инвестициялық субсидия**	____________ (мың. теңге) Қосылған құн салығын және акциздерді есепке алмай, құрылыс-монтаждау жұмыстарына және жабдықты сатып алуға жұмсалған сома көрсетіледі
19.	Шетелдік жұмыс күшінің саны***, оның ішінде (инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімге қосымшаға сәйкес): 1) басшылар, 2) жоғары білімі бар мамандар, 3) білікті жұмысшылар	1) ____________ (адам саны) 2) ____________ (адам саны) 3) ____________ (адам саны)

Ескертпе:
* қажеттілігі болған жағдайда толтырылады;
** жаңа өндірісті құру бойынша инвестициялық басым жобаны іске асыратын заңды тұлғаға арналған;
*** жаңа өндірісті құру, сондай-ақ қолданыстағы өндірісті кеңейту және (немесе) жаңарту (реконструкциялау, жаңғырту) бойынша инвестициялық басым жобаны іске асыратын заңды тұлғаға арналған

4-тарау. Инвестициялық жоба бойынша жұмыс бағдарламасы

____
(атауы)

Инвестордың атауы: ____________

1-бөлім: тіркелген активтерге инвестициялар, мың теңге					
Шығын баптары	Тіркелген активтерді пайдалануға беру күні	Күнтізбелік жыл			Барлығы
		1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	жыл бойынша жиыны	
1-бөлім бойынша жиыны:					
2-бөлім: технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектер, шикізат және материалдар импорты, саны					
Шығын баптары	Өлшем бірлігі	Игеру кезеңі			Барлығы
		1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	жыл бойынша жиыны	
1. Қосалқы бөлшектер, оның ішінде:					
2. Шикізат, материалдар, оның ішінде:					
2-бөлім бойынша жиыны:					
3-бөлім. Өндірістік көрсеткіштер, заттай көріністегі саны					
№ р/н	Тауарлардың жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы	Күнтізбелік жыл			Барлығы
		1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	Жыл бойынша жиыны	
3-бөлім бойынша жиыны					

5-тарау. Еуразиялық Экономикалық Одақтың заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден баждарын салудан босатылатын, импорттталатын технологиялық жабдық пен оның жиынтықтауыштарының, қосалқы бөлшектердің, шикізат пен материалдардың тізімі және көлемі*.

№	Атауы	Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық комиссиясының тауарлық номенклатурасы-ЕАЭО СЭҚ ТН	Өлшем бірлігі	Саны	Тауарларды бірдей жіктеуге мүмкіндік беретін құжаттар**
1.					
2.					
Жиыны					

Ескертпе:
* қажеттілігі болған жағдайда толтырылады;
** тауарларды жіктеу бойынша ақпарат тауарлардың толық коммерциялық атауын, фирмалық атауын, негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамаларын және өзге де ақпаратты, оның ішінде бұйымдардың фотосуреттерін, суреттерін, сызбаларын, паспорттарын, және өтініш берген заңды тұлға басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған басқа да құжаттарды қамтуы тиіс.

6-тарау. Инвестициялық басым жоба үшін инвестициялық преференциялар келесі шарттар сақталған кезде беріледі 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 286-бабының 5-тармағына сәйкес.

____________ (Қазақстан Республикасының заңды тұлға басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

____________ (қолы, мөрі (бар болған жағдайда) және күні)

Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімге қосымша
Нысан

Тартылатын шетел жұмыс күші туралы мәлімет

№	Тегі, аты, әкесінің аты, (оның ішінде латын әріптерімен)	Туылған күні	Азаматтығы / тұрғылықты елі	Төлқұжатының нөмірі, берілген күні мен берген орган (жеке басын куәландыратын құжат)	Тартылатын кезеңі (ай, жыл)

____________ (Қазақстан Республикасының заңды тұлға басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

____________ (қолы, мөрі (бар болған жағдайда) және күні)

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы №56 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №1133 бұйрығына 2-қосымша

Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша талаптар

1. Бизнес-жоспар мынадай бөлімдерден тұрады:
1) жобаның түйіндемесі;
2) технологиялық бөлім;
3) коммерциялық бөлім;
4) әлеуметтік-экономиялық және экологиялық ықпалы*;
5) қаржылық бөлім*.
2. Жобаның түйіндемесі өзіне мыналарды қамтиды:
1) заңды тұлға туралы ақпарат:
елді көрсете отырып, шетелдік қатысу үлесі;
квазимемлекеттік сектор субъектісінің үлесі;
2) жоба бойынша ақпарат:
жобаның атауы;
жобаның мақсаты;
болжанатын инвестициялық жобаның сипаты (жаңа өндірістерді құру, қолданыстағыларды кеңейту және жаңарту);
құрылатын жаңа жұмыс орындарының (уақытша және тұрақты) саны;
экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуішісіне сәйкес шығарылатын өнімнің номенклатурасы (ҚР ЭҚТӨЖ).
3. Технологиялық бөлім өзіне мыналарды қамтиды:
1) технологиялық процесте сатып алынатын және қолданатын тіркелген активтерді, сондай-ақ импорттталатын шикізат пен материалдарды көрсете отырып, инвестициялық жоба технологиясының сипаттамасы;
2) инвестициялық жобадағы қазіргі заманғы технологиялардың қолданылуы;
3) Бизнес-жоспарды жасау бойынша талаптарға 1-қосымшаға сәйкес (осы шикізат пен материалдарды импорттау кезінде толтырылады)техникалық және құндық сипаттамалары бойынша импортталатын шикізат пен материалдардың салыстырмалы талдауы;
4. Коммерциялық бөлім өзіне мыналарды қамтиды:
1) шикізатты, материалдар мен жабдықтарды жеткізу:
пайдаланатын шикізат пен материалдар түрлерінің тізбесі;
пайдаланылатын шикізат пен материалдардың атауы мен көлемін көрсете отырып, инвестициялық жоба шеңберінде жабдықта шығарылатын дайын өнім бірлігінің өндірісіне импортталатын шикізат пен материалдар шығыстарының орташа нормасы (технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектердің, шикізат пен материалдардың импорты кезінде кеден баждарын төлеуден босату, сонымен қатар шикізат пен (немесе) материалдардың импорты кезінде қосылған құн салығын төлеуден босату кезінде толтырылады);
қажетті технологиялық жабдықтардың тізбесі;
технологиялық жабдықтың жаңалығы (жабдықтың шығарылған күні мен моделі);
инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімді ұсынған заңды тұлғамен шарттық қатынастың бар болуын көрсете отырып, технологиялық жабдық пен шикізатты жеткізушілер;
2) маркетинг:
өнімді өткізу - қандай өңірлерге, қандай тұтынушыларға, шетелдегі қай елдерге жеткізу болжанатынын, нарықта ұқсас, өзара алмастырушы немесе өзара толықтырушы тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің бар екенін көрсету;
5. Әлеуметтік-экономиялық ықпалы өзіне мыналарды қамтиды:
1) инвестициялық жобаның тікелей қатысушылары:
жобаны құрушы, бас мердігер, мердігер, қосалқы мердігер немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында (іздену және жобалау қызметін, инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда) көрсетілетін қызметтерді орындаушы, жабдықты жеткізуші, шикізат пен материалдарды жеткізуші, делдалдар;
2) Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарды жасау бойынша талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның еңбек ресурстарына мұқтаждығы (саны);
3) тартылатын шетел жұмыс күшінің функционалды міндеттемелерінің таралуы (инвестициялық басым жобаларды іске асырған кезде толтырылады) *;
4) Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша талаптарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірісті пайдалануға енгізгеннен кейін жұмысшыларға мұқтаждығы*;
5) инвестициялық жобаны іске асыру кезінде күтілетін әлеуметтік әсер.
6. Қаржы бөлімі өзіне мыналарды қамтиды:
1) инвестициялық жобаны іске асыру құны, қаржыландыру көздері:
меншік қаражаты;
қарыз қаражаты (кредиттер немесе тартылған шаруашылық субъектілердің қаражаты) және/немесе грант;
бюджеттік қаражат;
2) қаржылық талдау:
инвестициялық преференцияларды есепке алмай және тиісті инвестициялық преференцияларды есепке ала отырып, модельдерді есептеуді қамтитын жобаның қаржылық моделі;
жобаның өмірлік кезеңі ішінде таза дисконттық табыс;
жобаның өмірлік кезеңі ішінде табыстылықтың ішкі нормасы;
жобаның өтімділік мерзімі (қарапайым және дисконттық);
табыстың қарапайым нормасы (рентабельділігі);
Бизнес-жоспарды жасау бойынша талаптарға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық және жергілікті бюджет үшін шартты шығындар мен кірістердің есебі.
7. Инвестициялық жобаның бизнес-жоспары тігіліп және нөмірленуі, заңды тұлғаның бірінші басшысының қолымен және мөрімен (бар болған жағдайда) куәландырылуы тиіс.
Ескертпе:
*инвестициялық жобаны іске асыратын заңды тұлғалар толтырмайды.

Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша талаптарға 1-қосымша
Нысан

Техникалық және құндық сипаттамалары бойынша импортталатын шикізат пен материалдарды салыстырмалы талдау

Тауардың атауы	Техникалық сипаты			Құндық сипаты		
	Қазақстан Республикасында	ЕАЭО елдерінде	басқа елде (-рде)	Қазақстан Республикасында	ЕАЭО елдерінде	басқа елде (-рде)

Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша талаптарға 2-қосымша
Нысан

Жобаның еңбек ресурстарына мұқтаждығы (саны)

Құрылыс кезеңіндегі		Пайдалануға енгізгеннен кейін (1 жыл)	
Қазақстан Республикасының азаматтары	Шетелдік жұмыс күші	Қазақстан Республикасының азаматтары	Шетелдік жұмыс күші

Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша талаптарға 3-қосымша
Нысан

Өндірісті пайдалануға енгізгеннен кейін жұмысшыларға мұқтаждығы

р/с №	Кәсіптің атауы	Біліктілік деңгейі (тарифтік разряды, санаты)	Саны

Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша талаптарға 4-қосымша
Нысан

Республикалық және жергілікті бюджет үшін шартты шығындар мен кірістердің есебі

Бюджетке міндетті төлемдердің түрлері	Күнтізбелік жыл		Жиыны	
	преференцияларды есепке алмай бюджетке түсетін түсім	преференцияларды есепке алғанда бюджетке түсетін түсім	преференцияларды есепке алмай бюджетке түсетін түсім	преференцияларды есепке алғанда бюджетке түсетін түсім
Корпоративтік табыс салығы				
Мүлік салығы				
Жер салығы				
Кедендік баж салығы				
Әлеуметтік салық				
Зейнетақы төлемдері				

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы №56 бұйрығына 3-қосымша
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №1133 бұйрығына 4-қосымша
Нысан

_______ жылғы «____» _______ № _______
Инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасын орындаудың ағымдағы жай-күйінің АКТІСІ

20____ жылғы «__» _______ № _______

Тіркелген активтерге инвестициялар

№	Келісімшартқа 1-қосымшаның және 2- қосымшаның 1-бөлімнің мәліметтері			Тексеру барысында белгіленген нақты деректер		Сомасының ауытқуы, +/- («5» баған - «3» баған)
	шығын баптары	сомасы (мың теңге)	пайдалануға енгізілген күні	сомасы (мың теңге)	пайдалануға енгізілген күні	
1	2	3	4	5	6	7
1.1						
және т.б.						
	Жиыны:					
Растайтын құжаттарды көрсете отырып, нақты көрсеткіштердің жоспарлыдан ауытқу себептері мен дәлелдері						

Қосымшалар:
1) инвестициялық келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауды растайтын құжаттардың жиынтық тізілімі;
2) инвестициялық қызмет объектісінің фото суреттері;
3) инвестициялық келісімшартқа қатысты қосымша құжаттар.
Тексеруші: ____________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)
Мен, ____________
(Инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлға басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы)
тексеру үшін ұсынылған құжаттардың түпнұсқалылығы мен дұрыстығын растаймын. Тексеру нәтижелерімен таныстым.
____
(өткізілген тексеру бойынша ескертулер және/немесе ұсыныстар)
____
(қолы және мөрі)

Бас бухгалтер: ____________ ____________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16371 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 13 ақпан №48 Астана қаласы

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мұнай және газ саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы №132 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:
1. «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мұнай және газ саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 132 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11279 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген бұйрықтың 1-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«6) «Мұнай және газ саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Мұнай және газ саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:
7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша қызмет түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленеді:
1) төмендегі қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензияны беру кезінде лицензиялық алым:
тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты) және мұнай-химия өндірістерін жобалауға – 10 айлық есепті көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);
тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға – 100 АЕК құрайды;
2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды.
Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.»;
көрсетілген стандартқа 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі ____________ Д. Абаев
2018 жылғы 2 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
____________ Т. Сүлейменов
2018 жылғы «__» ____________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысы
____________ Р. Дәленов
2018 жылғы 26 ақпан

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 13 ақпандағы №48 бұйрығына қосымша
«Мұнай және газ саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша
Нысан

Мұнай және газ саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны

1. Технологиялық регламенттің болуы туралы (жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді; көмірсутекті шикізат кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық); магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызмет үшін қолданылмайды):
____________.
(мәлімделген қызметтің кіші түріне сәйкес технологиялық регламенттің атауы және бекітілген күні)
2. Өндірістік базаның (ғимараттың, үй-жайдың) болуы туралы:
____________.
(өндірістік базаның (ғимараттың, үй-жайдың) болуын растайтын құжаттардың (объектілердің техникалық паспортының; мүлікті жалға беру (жалдау) шартының/мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының атауы, нөмірі және берілген күні)
3. Мұнай және газ саласында тау-кен (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын,мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметтер үшін мәлімделген қызметтің кіші түріне сәйкес келетін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі төмендегілердің болуы қажет:
1) жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарына арналған жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) үшін:
____________.
(лицензияланған бағдарламалық қамтылымның атауы; лицензияланған бағдарламалық қамтылымның заңды иелігін растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні)
____________.
(пайдаланылатын компьютерлердің, принтерлердің, плоттерлердің, кәсіпшілік зерттеулерге арналған ұңғымалық аспаптардың атауы, маркасы және саны)
2) мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру үшін:
____________.
(негізгі инженерлік құрылыстардың және қондырғылардың атауы)
3) көмірсутекті шикізат кен орындарында технологиялық жұмыстар (кәсіпшілік зерттеулер; сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар) жүргізу үшін:
кәсіпшілік зерттеулер үшін:
____________.
(ұңғымалық аспаптардың және (немесе) жабдықтың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)
геофизикалық жұмыстар үшін:
____________.
(ұңғымалық аспаптардың және аспаптардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жерүсті аппаратурасының, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығырдың және жабдықтардың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)
сейсмикалық барлау жұмыстары үшін:
____________.
(сейсмикалық станцияның және (немесе) сейсмикалық барлау жабдығының атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)
4) мұнай; газ; газ конденсаты; айдама ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүргізу үшін:
____________;
(жарылғыш материалдарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға рұқсаттың атауы, нөмірі және берілген күні)
____________;
(жарылғыш материалдарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға рұқсаты бар ұйыммен жасалған шарттың атауы, нөмірі және берілген күні)*
*ұйымның жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар болған жағдайда осы абзацтың 2-жолы толтырылмайды;
____________.
(перфорациялық жабдықтар немесе жүйелерінің атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)
5) құрлықта; теңізде; ішкі су қоймаларында көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау үшін:
____________.
(бұрғылау қондырғысының, шығарындыға қарсы жабдықтардың және басқа да жабдықтың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)
6) кен орындарында ұңғымаларды жер астында (күрделі, ағымдағы) жөндеу үшін:
____________.
(жөндеу бойынша қондырғының, шығарындыға қарсы жабдықтардың және басқа да жабдықтың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)
7) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды цементтеу; сынау; игеру, сынаудан өткізу үшін:
____________.
(қондырғының және (немесе) арнайы техниканың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)
8) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін:
____________.
(арнайы техниканың және (немесе) жабдықтың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)
9) құрлықтағы; теңіздегі кен орындарында көмірсутекті шикізат төгілуінің алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар үшін:
____________.
(арнайы техниканың және (немесе) құрлықта мұнай жинауға арналған жабдықтардың; теңіздегі мұнай жинау құрылғының, жүзуші резервуарлар және бондық тосқауылдардың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)
10) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою үшін:
____________.
(консервациялауға және жоюға арналған қондырғының және (немесе) жабдықтардың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)
11) мұнай-химия өндірістерін пайдалану үшін:
негізгі технологиялық қондырғылардың және жабдықтардың болуы туралы
____________;
(негізгі технологиялық қондырғылардың және жабдықтардың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін)
арнайы жабдықталған қоймалардың болуы туралы
____________;
(арнайы жабдықталған қоймалардың атауы)
аттестатталған зертхананың немесе аккредиттелген зертханамен қызмет көрсету шартының болуы туралы
____________;
(өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша зертханаға берілген аттестаттың нөмірі және күні)
____________.
(өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертханамен қызмет көрсету шартының нөмірі және берілген күні)*
*ұйымның жеке зертханасы бар болған жағдайда төртінші абзацтың 2-жолы толтырылмайды;
4. Магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану үшін:
1) магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының болуы туралы
____________;
(желілік бөлігінің ұзақтығын көрсете отырып, магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының болуын растайтын құжаттардың атауы, нөмірі және берілген күні)
2) диагностикалық аспаптардың, бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдардың, жабдықтардың болуы туралы
____________;
(мәлімделген қызмет түрлеріне қажетті техникалық талаптарға сәйкес қолданылатын магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін аспаптар және қондырғылардың атауы)
3) магистральдық құбырларды техникалық диагностикалау үшін:
____________;
(диагностикалық аспаптардың болуы туралы ақпарат)
4) магистральдық құбырларға техникалық қызмет көрсету үшін:
____________;
(бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдардың, жабдықтардың болуы туралы ақпарат)
5) заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып, қолданыстағы өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бекітілген бағдарламалардың; жөндеу жұмыстарын орындау жоспарларының (бағдарламаларының) болуы туралы
____________.
(бағдарламалар мен жоспарлардың атауы және олардың бекітілген күні)
5. Мыналарды:
1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды пайдаланудың және оларға техникалық қызмет көрсетуді;
2) еңбек қауіпсіздігін;
3) қоршаған ортаны қорғауды;
4) метрологиялық бақылауды;
5) технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды («мұнай-химия өндірістерін пайдалану» қызметінің кіші түріне таратылады);
6) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды («магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану» қызметінің кіші түрлеріне таратылады) қамтамасыз ететін қызметтер және (немесе) жауапты тұлғалар:
____________.
(қызметтерді және (немесе) жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың нөмірін және берілген күні)
6. Тиісті білім деңгейіне жауап беретін:
1) техникалық басшылар үшін – мұнай және газ саласындағы жоғарғы техникалық білімі, көрсетілген салада кемінде 3 жыл кем емес жұмыс тәжірибесі бар;
2) мамандар үшін – жоғары техникалық немесе орта арнаулы білімі бар, атқаратын қызметіне сәйкес жалпы персоналдың 50%-нан кем емес біліктілік құрамының болуы туралы
____________.
(әрбір жұмыскер бойынша ақпарат: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), оқу орнының атауы, білім туралы құжаттың нөмірі және берілген күні, білімі бойынша мамандығы және біліктілігі, лауазымы, тиісті салада еңбек өтілі (еңбек кітапшасына немесе еңбек шартына сәйкес)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16622 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 16 ақпан №49 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:
1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы №49 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Ұлттық электр желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер мен басқа да қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 24 шілдедегі № 219-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8681 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 32 (28256) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
тақырып мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
«Ұлттық электр желісі арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер мен басқа да қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
«Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
«1. Қоса беріліп отырған Ұлттық электр желісі арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер мен басқа да қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары бекітілсін.»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық электр желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер мен басқа да қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларында:
тақырып мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
«Ұлттық электр желісі арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер мен басқа да қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары»;
1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Осы Ұлттық электр желісі арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер мен басқа да қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі және «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі заңдарына сәйкес әзірленді.
2. Қағидаларды әзірлеудің негізгі мақсаты ұлттық электр желісі арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді және басқа да қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің (бұдан әрі – субъектілер) экономикалық негізделген тарифтерді белгілеу үшін реттелін көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және өзге де қызмет бойынша тұтас алғанда кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидаттарын, ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін айқындау болып табылады.»;
4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Бөлек есепке алуды жүргізу табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосына (бұдан әрі – уәкілетті орган) мәліметтер ұсына отырып, көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша кірістер, шығындар мен тартылған активтер туралы деректерді жинау және қорыту жүйесін білдіреді.»;
7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.»;
8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«8. Субъектілер бөлек есепке алуды жүргізу мақсатында «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 17) тармақшасына сәйкес осы Қағидалар айқындаған тәртіппен табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу әдістемесін әзірлейді.».
2. «Жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және (немесе) тарату қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 24 шілдедегі № 221-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8690 болып тіркелген, 2014 жылғы 22 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде № 14 (28238) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
тақырып мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
«Жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және (немесе) тарату қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
«Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
«1. Қоса беріліп отырған Жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және (немесе) тарату қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары бекітілсін.»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және (немесе) тарату қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларында:
тақырып мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
«Жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және (немесе) тарату қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары»;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және (немесе) тарату қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.»;
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Бөлек есепке алуды жүргізу табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосына (бұдан әрі – уәкілетті орган) мәліметтер ұсына отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша кірістер, шығындар мен тартылған активтер туралы деректерді жинау мен қорыту жүйесін білдіреді.»;
6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.»;
7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Субъектілер бөлек есепке алуды жүргізу мақсатында «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 17) тармақшасына сәйкес осы Қағидалар айқындаған тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу әдістемесін әзірлейді.».
3. «Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 232-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8693 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 32 (28256) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
тақырып мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
«Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
«Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
«1. Қоса беріліп отырған Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары бекітілсін.»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларында:
тақырып мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
«Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары»;
1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Осы Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің (бұдан әрі – Субъектілер) кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу тәртібі мен негізгі қағидаттарын айқындайды.
2. Бөлек есепке алуды жүргізу табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосына (бұдан әрі – уәкілетті орган) мәліметтер ұсына отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және өзге қызмет бойынша тұтас алғанда кірістер, шығындар мен тартылған активтер туралы деректерді жинау және қорыту жүйесін білдіреді.»;
5-тармақта:
4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«4) бірлескен шығындар – бірнеше қызметтер (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себепсалдарлық байланысы жоқ, сондықтан уәкілетті органмен келісілген бөлу базаларының негізінде бөлінетін шығындар;»;
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.»;
6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«6. Субъектілер бөлек есепке алуды жүргізу мақсатында «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 17) тармақшасына сәйкес осы Қағидалар айқындаған тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу әдістемесін әзірлейді.».

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16490 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 22 ақпан №68 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

БҰЙЫРАМЫН:
1. Мыналардың:
1) «Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 59 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9897 болып тіркелген, 2014 жылғы 9 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);
2) «Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 59 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 23 тамыздағы № 310 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15703 болып тіркелген, 2017 жылғы 26 қыркүйекте Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджет саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;
4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
__________Б. Сұлтанов
2018 жылғы 22 ақпан

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 2 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16472 болып енгізілді.